ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

2018 ж. 27 сәуір | № 183

Астана қаласы | город Астана

Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу кестесін бекіту туралы

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес және «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 51-тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу кестесі (бұдан әрі - Кесте) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары осы бұйрықтың 1-тармағынан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Мектепке дейінгі және орта (Ш.Т. Каринова), техникалық және кәсіптік (Н.Ж. Оспанова), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (С.С. Ысмағұлова) білім департаменттері, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары, жоғары, республикалық білім беру ұйымдарының басшылары және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының басшылары Кестеге сәйкес 2025 жылға дейін оқытуды латын әліпбиіне көшіруді қамтамасыз етсін.

4. Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаменті (М.Т. Мелдебекова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

012430

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министр А.Қ.Аймағамбетовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі **Е. Сағадиев**

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «27» сәуір
№ 183
бұйрығымен бекітілген

Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу кестесі

№	Білім беру деңгейлері	Мерзімі	Жауапты орындаушылар
1.	Мектепке дейінгі тәрбие: мектепалды – «0»	2020-2021 оқу жылы	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, БҒМ, Қорғанысмині, МСМ
	Бастауыш білім беру:	2021-2023 жылдар:	
	1-сыныптар	2021-2022 оқу жылы	
	2-сынып	2022-2023 оқу жылы	
	3, 4 – сыныптар	2023-2024 оқу жылы	
2.	Негізгі және орта білім беру: 5-11 - сыныптар	2024-2025 оқу жылы	
3.	Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру:	2020-2023 жылдар:	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, БҒМ, МСМ, АШМ, Қорғанысмині, ДСМ
	Педагогикалық және гуманитарлық мамандықтар бойынша 1-курс	2020-2021 оқу жылы	
	Барлық мамандықтар бойынша:	2021-2023 жылдар	
	1-курс	2021-2022 оқу жылы	
	2-курс	2022-2023 оқу жылы	
	3-курс	2023-2024 оқу жылы	
4.	Жоғары білім беру: бакалавриат	2021-2024 жылдар:	АШМ, МСМ, ДСМ, ІІМ, Қорғанысмині, ҰҚК, Жоғарғы сот
	Педагогикалық және гуманитарлық мамандықтар бойынша 1-курс	2021-2022 оқу жылы	
	Барлық мамандықтар бойынша:	2022-2024 жылдар	
	1, 2 - курстар	2022-2023 оқу жылы	
	3, 4 - курстар	2023-2024 оқу жылы	
	5-курс	2024-2025	

		оқу жылы	
	интернатура:	2022-2023 жылдар:	
	6-курс	2022-2023 оқу жылы	
	7-курс	2023-2024 оқу жылы	
5.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру:	2022-2024 жылдар	АШМ, МСМ, ДСМ, МҚІСҚА, ІІМ, Қорғанысмині, ҰҚК, БП, Жоғарғы сот
	резидентура:	2022-2024 жылдар:	
	1-курс	2022-2023 оқу жылы	
	2-курс	2023-2024 оқу жылы	
	3, 4-курс	2024-2025 оқу жылы	
	магистратура:	2022-2023 жылдар:	
	1-курс	2022-2023 оқу жылы	
	2-курс	2023-2024 оқу жылы	
	докторантура:	2023-2024 жылдар:	
	1-курс	2023-2024 оқу жылы	
	2, 3-курс	2024-2025 оқу жылы	

Аббревиатурлардың толық жазылуы:

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Қорғанысмині - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
МҚІСҚА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
МСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі